

ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ



№88
(2466)
Сәрсенбі
4 қараша
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық ақпараттық-танымдық басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«АЛТЫН КҮЗ – 2026»: ДАЛА ЕҢБЕККЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Қазалы ауданында егін жинау науқанының аяқталуына орай ел ырысын еселеген дала еңбеккерлерін марапаттауға арналған «Алтын күз-2026» мерекелік салтанатты шарасы өтті.



Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, аудан жұртшылығы мен ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлерін айтулы мерекемен құттықтады.

-Қазыналы Қазалының қамбасын молайтып, береке мен бірліктің үлгісін көрсеткен ауданымыздың диқаншылар қауымы ерен еңбектің төріне шықты. Өткен аптада ғана Қызылорда қаласында аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлының қатысуымен «Алтын күз-2026» салтанатты шарасы өтіп, ауыл шаруашылығы саласының озаттары марапатталды. Салтанатты шара аясында облыс орталығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып, ауданымыздан 120 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнімдері жеткізіліп, Сыр жұртшылығына ұсынылды. Өздеріңіз білесіздер, 28 қазан күні Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауын жасады. Жолдауда ел дамуының алдағы бағыттары айқындалып, ұлттық бірлік, заң үстемдігі, экономикалық өсім және халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелеріне басымдық берілді. Президентіміз Жолдауда ауыл шаруашылығына қатысты су ресурстарын тиімді және үнемдеп пайдалану мәселесін айтқанда Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктерге ерекше тоқталып өтті.



Аудан диқандарымен биыл 12 мың 475 гектар жерге егін егілді. Оның 2247 гектары күріш дақылы. Бүгінде, әр гектардан 40 центнерден өнім алынып, 9788 тоннаға жуық астық жиналды. Жыл басынан бері балық, күріш, қамыс сынды 2445 тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортқа шығарылды. Ауданда жыл сайын мал шаруашылығы саласы бойынша төрт түліктің барлығында өсім қалыптасып келеді. Бүгінгі жиынымыз – дала төсінде тынымсыз еңбек етіп, ел ырысын еселеген Сіздердей азаматтарға деген зор алғысымыздың белгісі. Қамбамыз әрдайым дәнге, қорамыз малға толып, халқымыздың құт-берекесі арта бергей. Баршаңызды ырыс-несібеге толы молшылық мерекесімен тағы да құттықтаймын, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Салтанатты шарада ауданның агроөнеркәсіп кешені саласында үздік жетістіктерге жеткен еңбек озаттары мен саланың дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар марапат төрінен көрінді.

«Құрманғали» шаруа қожалығының жетекшісі Бағдагүл Мұратқызына Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің «Алғыс хаты» және бірқатар шаруа қожалық жетекшілеріне Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамоталары» табысталды. Бұдан бөлек, «Алтын дән – 2026» салтанатты шарасы аясында ауыл шаруашылығы саласының озаттары облыс және аудан әкімдерінің «Алғыс хаттарымен» марапатталды. Жылдағы дәстүрге сай өңірдің агроөнеркәсіп кешені саласында үздік жетістіктерге жеткен еңбек озаттарына «Озат бақташы», «Озат шопан», «Озат түйекеш», «Озат жоңышқа өсіруші», «Озат көкөніс өсіруші», , «Озат агроном», «Озат картоп өсіруші», «Озат бақша өсіруші», «Озат гидротехник», «Озат жатқа машинисі», «Озат комбайншы», «Озат бригадир», «Озат егін шаруашылығы», «Озат телеарна тілшісі», «Озат газет тілшісі» сынды номинациялар мен бағалы сыйлықтар берілді.

Мерекелік шарада биылғы жылы егілген 1307 гектар күріштің әр гектарынан 40 центнерден өнім алып, қоймаға 5228 тонна астық құйып, аудан экономикасының дамуына ерекше үлес қосқаны үшін «Үздік шаруашылық» номинациясымен II дәрежелі дипломмен «Береке» шаруа қожалығы марапатталды. Сондай-ақ, биылғы жылы егілген 220 гектар күріштің әр гектарынан 47 центнерден өнім алып, қоймаға 1034 тонна сыр салысын құйған «Жанкент Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Үздік шаруашылық» номинациясымен I дәрежелі диплом табысталды.

Салтанатты шара соңы дала еңбеккерлерінің құрметіне орай аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№1 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ БОТАБАЕВ НУРКЕН БОТАБАЕВИЧТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



1979 жылы 19 мамырда Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келген. 1996 жылы Қазалы станциясындағы В.Счастнов атындағы №16 орыс орта мектебін бітірген. 2000 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «құқық және экономика» факультетін, 2006 жылы Тынышпаев атындағы Көлік және коммуникация академиясын «Автомбиль жолдары құрылысы инженері» мамандығы бойынша бітірген. 2000-2001 жылдары Отан алдындағы борышын өтеп әскерде болған. 2001-2010 жылдары «Қазақавтожол» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қызылорда облыстық филиалының №2 Қазалы жол пайдалану бекетінде бригадир, жол шебері болып жұмыс істеді. 2010-2011 жылдары «Каздоринвест» ЖШС-де бас инженер, 2011-2014 жылдары «Нурас и Компания» ЖШС-нің директоры қызметін атқарған. 2014-2019 жылдары «Қазақавтожол» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қызылорда облыстық филиалының №49 жол пайдалану бөлімінің басшысы болып жұмыс атқарған. 2019 жылдан осы кезге дейін «Нурас и Компания» ЖШС-нің директоры болып жұмыс атқарып келеді.

Отбасылы, зайыбы Утепова Асылгул екеуі 1 қыз, 3 ұл бала тәрбиелеуде.

№1 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ БОТАБАЕВ НУРКЕН БОТАБАЕВИЧТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«ӘДІЛЕТ» партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа алып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

1. №276 мектепке қосымша құрылыс салуға ықпал етемін.

2. 5-ші кварталдың шығыс жағынан спорт кешенін салуды қолға аламын, ол үшін тиісті мемлекеттік мекемелер арқылы жоба – сметалық құжаттарын дайындап, қаржы бөлдіруге ықпал етемін;

3. 5-ші кварталдың орталығынан жаңа мәдениет үйін салуға күшімді саламын. Өйткені 5 кварталда 17 мыңға жуық тұрғындар тұрады, ешқандай мәдениет ошағы жоқ.

4. Ерімбет Көлдейбекұлы көшесіне күрделі жөндеу және түнгі жарықшамдармен қамтамасыз ету үшін тиісті қаржы бөлуге жұмыс атқаратын боламын;

5. 5 квартал көшелерінің аяқ су мәселесін шешу үшін труба арқылы суландыратын етіп жоба жасап, кезең-кезеңімен қаржыландыруға ұсынамын.

6. Округ көлемінде асфальттанбаған көшелерді жөндеуге ықпал етемін.

7. Округтегі түнгі жарықпен қамтамасыз етілмеген көшелерді жарықтандыруды кезең-кезеңімен қолға аламын.

8. 5-ші кварталдағы әлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға ықпал етемін.

9. Саламатты өмір салтын қалыптастыру және спортшыларды қолдау мақсатында тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жұмыстарды атқаратын боламын;

10. Шағын және орта кәсіпкерлікті, шаруа қожалықтарын қолдау мақсатында мемлекеттік және Үкіметтік бағдарламаларды басшылыққа алып, жеңілдетілген несие алуларына ықпал етемін;

11. Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ РШЫМБЕТ ЕРНАР МАРАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Ршымбет Ернар Маратұлы, 1995 жылы 21 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде дүниеге келген, ұлты қазақ, білімі жоғары.

2001-2012 жылдары Қызылорда қаласындағы №3 мектеп-гимназиясын оқып бітірген.

2016 жылы Алматы «Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті» АҚ түсіп, осы оқу орнының «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау БАКАЛАВРЫ дәрежесі беріліп, 2020 жылы бітіріп шықты.

2020 жылы Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне түсіп, осы оқу орнының «Менеджмент білім беру бағдарламасы бойынша» экономика ғылымдарының МАГИСТРІ дәрежесі беріліп, 2022 жылы бітіріп шықты.

2020 жылдың тамыз айында ҚР ДСМ «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда облыстық филиалының денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыру бөліміндегі ақпараттандыру секторының маманы ретінде жұмысқа орналасқан.

2021 жылы мамыр айында ҚР ДСМ «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда облыстық филиалының денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыру бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

2022 жылы қаңтар айында ҚР ДСМ «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда облыстық филиалының денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыру бөлімінің ақпараттандыру секторының маманы ретінде ауыстырылған.

2022 жылдың қазан айынан «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының медициналық көмекті жоспарлау, талдау, орындау және болжау бөлімінің сарапшысы лауазымына қабылданды.

2025 жылдың ақпан айынан бастап «Қазалы теміржол ауруханасы» ЖШС директоры қызметіне тағайындалды.

2025 жылы «Денсаулық сақтау менеджменті» тақырыбы бойынша сертификаттау курсынан өтіп, 2026 жылы «Денсаулық сақтау саласындағы менеджер» сертификатын алды.

«Әділет» партиясының мүшесі.

Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің бірінші орынбасарының «Алғыс хатымен», Қызылорда облысы әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталған.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚСАЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ РШЫМБЕТ ЕРНАР МАРАТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазақстан Республикасы Президентінің Стратегиялық бағдарламаларын негізге ала отырып, «ӘDILET» партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа алып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

1. 5-ші квартал мен кенттің батыс беткейінен теміржолға аспалы көпір салуға ықпал етемін, өйткені Әйтеке би кентіндегі 50 мыңға жуық тұрғындардың 17 мыңы 5 кварталда тұрады. Екі жақта орналасқан теміржол өткелдерінде үнемі көлік кептелісі орын алады. Сондықтан аспалы көпірдің қажеттілігі туындауда және сайлаушылардың ұсынысы негіз болуда.

2. 5-ші кварталдағы Бейбітшілік көшесінен, яғни шығыс жақтан жаңадан дәрігерлік амбулаторияның құрылысын келесі жылы бастап, іске қосатын боламыз. Өйткені 5 кварталдың орталық және шығыс беткейінде тұратын тұрғындарының теміржол ауруханасына баруы қиындық туғызуда.

3. Ерімбет Көлдейбекұлы көшесін күрделі жөндеу және түнгі жарықшамдармен қамтамасыз ету мақсатында тиісті қаржы бөлуге ықпал ететін боламын;

4. 5-ші квартал аумағындағы көшелердің аяқ су мәселелерін шешу үшін труба арқылы суландыратын етіп жоба жасап, кезең-кезеңімен қаржыландыруға ұсынамын.

5. Округ көлемінде асфальттанбаған көшелерді жөндеуге ықпал етемін;

6. Округтегі түнгі жарықпен қамтамасыз етілмеген көшелерді жарықтандыруды кезең-кезеңмен іске асыруды қолға аламын;

7. 5-ші кварталдағы әлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға ықпал етемін;

8. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында кәсіпкерлерге Мемлекеттік және Үкіметтік бағдарламаларды негізге алып, жеңілдетілген несие алуына ықпал етемін;

9. 5-ші кварталдан мәдениемалыс паркін салуға тиісті мемлекеттік мекемелер арқылы және аудан әкімдігімен бірлесе отырып, жоба-сметалық құжаттарын дайындап, құрылысын салуға ықпал етемін;

10. Округ аумағынан, яғни шығыс жағынан балалардың спортпен және дене шынықтырумен айналысуына қолайлы етіп, жасанды спорт алаңдарын салуға күшімді саламын;

11.Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№ 3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АЛИПБАЕВ ТАЛГАТ АЗИМЖАНОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Алипбаев Талгат Азимжанович - 1973 жылы 25 маусымда қасиетті Қазалы топырағында теміржолшы жанұясында дүниеге келген.

1980 -1990 жылдары № 421,№ 165 қазақ орта мектептерінде оқып, білім алған.

Мектепті бітіргеннен кейін,1990-1991 жылдары Қазалы локомотив жөндеу депосында жұмысшы болып еңбек еткен.

1997-2003 жылдары Мемлекеттік қазақ көлік және коммуникациялар академиясының «Вагондар» мамандығы бойынша оқып бітірді. 1997 – 2005 жылдары Қазалы вагон депосына ауысып, еңбек жолын слесарьлықтан бастап, цех бригадирі, цех шебері, цехтың аға шебері, депо бастығының вагон жөндеу жөніндегі тете бастығы болып қызмет атқарды.

2005- 2025 жылдары «ҚамқорВагон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Қазалы вагон жөндеу депосы» филиалының директоры болып қызмет атқарды.

2025 жылдың 28 тамызынан 2026 жылдың 30 наурызы аралығында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының филиалы «Тасымалдау процессінің дирекциясы» Қазалы пайдалану вагон депосының бастығы болып қызмет атқарды.

2026 жылдың 1 сәуірінен бастап, осы уақытқа дейін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қазалы пайдалану вагон депосы филиалының директоры болып қызмет атқарып келеді.

2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатымен марапатталды.

ҚР Құрметті теміржолшысы.

2007 жылы темір жол саласында мінсіз атқарған еңбегі үшін Көлік және коммуникациялар Министрінің алғыс хатымен марапатталды.

Жанұялы, бір қыз, екі ұлдың әкесі. Зайыбы Әліпбаева Айнұр Шыныққұлқызы №266 мектеп-лицейдің орыс сыныптарының қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.

№ 3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АЛИПБАЕВ ТАЛГАТ АЗИМЖАНОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың елді дамыту жөніндегі стратегиялық саясатын және Мемлекет басшысының әр жылдардағы Жолдауларында көрсетілген міндеттерді және «ӘDILET» партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа ала отырып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Соңғы 10 жыл көлемінде елімізде тұрақты даму тенденциясы қалыптасты. Аудан орталығы Әйтеке би кенті де жақсы дамып келеді.

Мен аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат болып түсіп жатқан округ кенттің орталығында орналасқандықтан, көптеген мәселелер шешілді деп айтуға болады. Ол жұмыстар аудан әкімдігі мен мәслихат депутаттарының көп жылғы еңбегінің жемісі. Дегенмен, атқарылатын жұмыстар да аз емес.

Округ аумағында жөнделетін көшелерге асфальт, қиыршық тас төсеу жұмыстарын жалғастыратын боламыз.

Аяқ су бармайтын көшелерге труба арқылы немесе су насостары арқылы апаруға күш саламын.

Жаңадан кәсіп ашамын деген кәсіпкерлерге Үкіметтен берілетін жеңілдетілген несие алып беруге жәрдемдесетін боламын.

Мал шаруашылығымен айналысатын шаруаларға жайылым мәселесін жергілікті әкімдікпен бірлесе отырып, шешетін боламыз;

Округке қарасты түнгі жарықпен қамтылмаған көшелердің мәселесін шешуге бюджеттен қаржы бөлдіруге ықпал ететін боламын.

Сайлау округімдегі тұрмысы төмен отбасылар мен мүгедектерге мемлекеттен алатын жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің берілуін бақылайтын боламын.

Округ аумағында орналасқан әлеуметтік нысандардың (мектеп, бала бақша, мәдениет Үйлері, спорт нысандары) материалдық- техникалық базасын нығайтуға ықпал ететін боламын.

Мемлекет Басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын басшылыққа алып, аудан орталығының санитарлық тазалығын, көркеюін, көгалдануын үнемі қадағалап отыратын боламын.

«Таза Қазақстан» - адамның санасының тазаруы. Ол тек қана көше тазалығы емес, адамның рухани тазаруы деп тұсінуіміз қажет.

Еліміздің, туған жеріміздің таза болуы – ұрпағымыз үшін үлкен тәрбие.

Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№5 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚСАЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ НУРМАГАНБЕТОВА ЭЛЬМИРА ЖАЛПАКБАЕВНАНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Нурмаганбетова Эльмира Жалпакбаевна Қазалы ауданының төл перзентімін. Тәжірибелі педагогпын – 30 жылға жуық уақытымды мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласына арнап келемін.

Кәсіби еңбек жолымда ұрпақ тәрбиесімен қатар, ұжымды басқару, азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу және әлеуметтік саланың тыныстіршілігін реттеу ісінде мол тәжірибе жинақтадым. Осы жылдар ішінде әрбір бастаманың нәтижелі болуы жауапкершілікке, жүйелілікке және халықпен ашық диалог орнатуға байланысты екенін ұғындым.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты азаматтардың тұрмыс сапасымен тікелей өлшенеді. Олар – білім беру мен медицина қызметінің қолжетімділігі, инфрақұрылымның жай-күйі, ауызсу мен жол сапасы, тұрақты жұмыс пен балаларымыздың жарқын болашағы.

2023 жылы №5 бірмандаттық аумақтық сайлау округінен Қазалы аудандық мәслихатының депутаты болып сайландым. Өкілеттігім аясында Әйтеке би кентінің шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігінің тұрғындарымен тығыз жұмыс жүргіздім. Төрт жылға жуық уақыт ішінде азаматтардың көтерген талап-тілектері мен өтініштеріне мұқият құлақ асып, инфрақұрылымдық және әлеуметтік саладағы бірқатар мәселенің оң шешілуіне атсалыстым.

Бағдарламам «ӘDILET» партиясының құндылықтары мен стратегиялық бағыттарына негізделген. Басты назарымда қордаланған түйткілдерді реттеумен бірге, отбасы мен қарапайым еңбек адамдарын қолдау, ауылдық жердегі кәсіпкерлікке серпін беру және жастарға жан-жақты мүмкіндік жасау міндеттері тұр.

Атқарылатын жұмыстардың өзегінде нақты жоспарлар, инфрақұрылымдық нысандар мен орындалу мерзімдері белгіленген. Осы міндеттердің аудандық бюджетте ескерілуіне күш салып, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылаймын және сайлаушылар алдында жылына екі рет есеп беріп отырамын.

Мен үшін депутаттық мандаттың ең басты құндылығы – әрбір тұрғынның өміріндегі оң өзгерістер мен азаматтардың шынайы сенімі.

№5 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ НУРМАГАНБЕТОВА ЭЛЬМИРА ЖАЛПАКБАЕВНАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

2026-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1. ЖОЛДАР МЕН КӨЛІК

2027 жылдан бастап кезең-кезеңімен Ақтан батыр, Қ.Досмамбетов, Бостандық, Арыстан баб, Ә.Марғұлан, Ә.Әбжанов, Ж.Аймауытов, Т.Қашқынбаев, Наурыз, Ш.Уәлиханов, Қ.Халықов және Асан Қайғы көшелеріндегі жолдың екінші жағын және №57, №362 учаскеге жаңадан қосылған 2,3,4 квартал көшелерін асфальттау, қиыршық тас төсеу.

2. СУМЕН ЖӘНЕ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ, КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Әйтеке би кентіндегі БТП ВЛ-110кВ Л-105 реконструкциялау есебінен 2031 жылға қарай электр желілерінің тозуын 60%-дан 56,3%-ға дейін төмендетуге қол жеткізу. Нұрила ана, Қ.Жаймұратов, Ә.Марғұлан, Т.Қашқынбаев, Мүсірәлі қожа көшелері мен М.Өтемісұлы тұйығы, М.Жұмабаев көшесінің бір бөлігіне, 2,3,4 квартал көшелеріне жарықшамдар орнату.

3. ҚОЛЖЕТІМДІ НЕСИЕ ЖӘНЕ АУЫЛ КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМЫТУ

Шағын және орта кәсіпкерліктің облыстың жалпы өңірлік өніміндегі үлесін 28,5%-ға дейін арттыру, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында тұрғындарға берілетін жеңілдетілген қаржылай қолдауды кеңейту, жеке қосалқы шаруашылықтар мен отбасылық бизнесті өркендету, сондай-ақ аудан халқы үшін мемлекеттік жеңілдіктер мен субсидиялардың кедергісіз әрі ашық қолжетімді болуын қамтамасыз ету.

4. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

Өңірдегі ауыл шаруашылығы жерлерінде тамшылатып және жаңбырлатып суаруды енгізу ауқымын арттыра отырып, 2031 жылға қарай базалық 14,2 мың гектардан 35,2 мың гектарға дейін ұлғайтуды қамтамасыз етуге атсалысу, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу үлесін арттыру.

5. ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Ауданда жұмыс орындарын құруға және өңдеу секторының көлемін арттыруға мүмкіндік жасау, шағын бизнесті дамыту, халықты жұмыспен қамтуға, кәсіптік оқытуға және жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған мемлекеттік шараларды іске асыруға жәрдемдесу.

6. ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ САПАЛЫ МЕДИЦИНА

Аудандық ауруханаға жабдықталуын жақсартуға, бейінді дәрігерлердің қызметі мен шалғай ауылдардағы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға қол жеткізу. Аудан тұрғындарын тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге кепілдік беру, жергілікті бюджеттен медицина мамандарын әлеуметтік қолдау шараларына (ынталандырушы және көтермелеу төлемдері) қаражат бөлдіру.

7. ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕР ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

107 жылдық тарихы бар Роза Бағланова оқыған Жанқожа батыр атындағы №70 мектепке қосымша ғимарат салуға қол жеткізу. Қосымша ғимарат акт залы, кітапхана, асхана, 200 орынға арналған кабинеттерден тұруға тиіс. Осы мектепке балалар қатынайтын басты көшелер – Т.Бокин, Т. Рысқұлов, М.Жұмабаев және оқушылар жүретін Біржан сал, Амангелді көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салу.

8. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Атаулы тұрғын үй көмегі, атаулы әлеуметтік қолдаудың әділ бөлінуін, мүгедектігі бар адамдарды техникалық оңалту құралдарымен және өтемақылық қызметтермен қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлау іс-шараларымен 100% қамтуды енгізу, мемлекеттік әлеуметтік қызметтердің қолжетімді болуына күш салу.

9. САПАЛЫ БАЙЛАНЫС ПЕН ИНТЕРНЕТ

Шалғайдағы ауылдық округтерде интернеттің қолжетімділігін арттыру, ауданның орта мектептерін жоғары жылдамдықты кең жолақты интернетпен 100% қамтамасыз ету.

10. ТАЗА ӘРІ АБАТТАНДЫРЫЛҒАН АУЫЛДАР

«Таза Қазақстан» бастамасы аясында аудандағы қалдықтарды жинау мен шығару жүйесін жақсартуға, елді мекендерді көгалдандыруға және жайлы қоғамдық кеңістіктер құруға қол жеткізу. Аудандағы кенттерінің айналасында тұрақты жасыл белдеулер қалыптастыруға күш салу. Мүсірәлі қожа көшесіне аяқсу жеткізу (арық қазу), Ж.Аймауытов көшесіне су келетін жүйелерді реттеп, құбырларды ауыстыру.

Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№6 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АЛИПОВ КАДЫРБЕК РАМАНКУЛОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Алипов Кадырбек Раманкулович 1987 жылы 14 мамырда Қызылорда облысы, Арал ауданында дүниеге келген.

2010 жылы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина Университетінде «Емдеу ісі» мамандығын бітірген.

2024 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Денсаулық сақтаудағы іскерлікті әкімшілендіру» магистрі дәрежесі бойынша білім алған.

Медицина саласындағы еңбек жолын 2011-2013 жылдары Қызылорда қаласындағы №4 қалалық емханасында жасөспірімдер дәрігері болып бастаған.

2013-2019 жылдары Қызылорда қалалық ауруханасында травматолог дәрігер;

2019-2021 жылдары Қызылорда қалалық ауруханасында ота бөлімінің меңгерушісі;

2021-2024 жылдары Қызылорда көпбейінді қалалық ауруханасында бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары;

2024 жылдан бастап осы уақытқа дейін Қазалы аудандық көпбейінді орталық ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарып келеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, облыс әкімдерінің Алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасымен, «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Отбасылы, 4 бала тәрбиелеп отыр.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№6 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АЛИПОВ КАДЫРБЕК РАМАНКУЛОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президентінің Стратегиялық және Үкіметтің халықтың хәл-ахуалын жақсарту мақсатындағы және «ӘDILET» партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа алып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

1. Сайлау округіме қарасты көшелерді жөндеуді кезең-кезеңімен қолға алатын боламын.

2. Округтегі түнгі жарықпен қамтамасыз етілмеген көшелерге тиісті қаржы бөлуін бақылайтын боламын;

3. Көркейту, көгалдандыру, абаттандыру мәселелерін үнемі қадағалап отырамын. ҚР Президентінің “Таза Қазақстан” экологиялық акциясын басшылыққа алып, тиісті мекемелермен бірлесіп жұмыс атқаратын боламын;

4.Округ көлеміндегі әлеуметтік нысандардың материалдық - техникалық базасын нығайту - үнемі бақылауымда болады.

5. Округке қарасты кейбір көшелерге жасанды спорт алаңдарын салуға ықпал етемін;

6.Шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтарға Үкімет тарапынан берілетін жеңілдетілген несие алуына жәрдемдесетін боламын;

7.Аудан тұрғындарының және округке қарасты сайлаушылардың денсаулығына байланысты мәселелер үнемі бақылауымда болады.

8.Округ көшелеріндегі аяқ су мәселесінің кезең-кезеңімен шешілуіне ықпал жасаймын;

9.«Мелиоратор» мөлтек ауданының санитарлық тазалығын, әлеуметтік мәселелерін қадағалайтын боламын;

10.Қоғамдық қауіпсіздікті күшейту мақсатында тиісті органдар арқылы адам денсаулығына зияны тиетін іс-әрекеттердің алдын-алуын бақылауға аламын;

11. Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№8 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ РАХМЕТОВ АБДУАЛИ УМИРЗАКОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Рахметов Абдуали Умирзакович 1958 жылы 30 қаңтарда Арал ауданына қарасты «Ұялы» елдімекенінде дүниеге келдім. 1965 жылы 1 сыныпқа барып, 1975 жылы Қазалы ауданындағы Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектепті бітірдім. 1975 жылы Жамбыл гидромелиоративтік –құрылыс институтына түсіп, 1981 жылы Жамбыл гидромелиоративтік –құрылыс институтының Қызылорда филиалынан ауыл шаруашылығы бойынша «инженер құрылысшы» мамандығын алдым. Алғашқы жұмыс өтілімді 1981 жылы «Сельхозэнерго» мекемесінде мастер болып бастадым. 1981-1983 жылдары Ленинград округінде әскери қызметте болдым. 1983 жылы әскерден келгесін Қазалы ауданы «Сельхозэнерго» мекемесіне қайта жұмысқа тұрып, мастер, прораб болып қызмет атқардым. 1987-1994 жылдары Қазалы ауыл шаруашылығы басқармасында (РАПО) аға инженер, ПМК-06 мекемесінде аға прораб, СПМК «Агроводоснабжение» мекемесінде бас инженер қызметтерін атқардым. 1995 жылы «Қазалыводстрой» тресі басқарма бастығының орынбасары қызметіне ауыстым. 1997 жылы жеке кәсіпкерлікке ауысып, аудан экономикасын көтеруге атсалыстым. 2000-2004 жылдары Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылына инвестор болып барып, сол ауылда 4 жыл күріш егіп, егін саласымен айналыстым, «Ақжона» ЖШС-нің директоры болдым. 2004-2006 жылдары Қазалы ауданының «Көркейту» мекемесінің директоры қызметін атқардым. 2007 жылдан бастап кәсіпкерлікті жандандырып, Әйтеке би кентінен «Машина жөндеу стансасын», пластикалық есік-терезе жасайтын цех аштым. Қазір бұл ғимараттар жұмыс істеуде. 2010-2011 жылдары кәсіпкерлікпен қоса, «РЗА-Агро» мекемесін басқардым. 2015 жылдан бастап «Рахмет» шаруа қожалығын ашып, Қазалы ауданының Қарақұм беткейінде мал шаруашылығымен айналысып келеміз.

2001жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 10 жыл толуына орай мерекелік медалімен, 2021 жылы қазан айында «Еңбек ардагері» медалімен, 2021 жылы желтоқсан айында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Құрмет грамотасымен, Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен, Құрмет грамотасымен, Қазалы ауданы әкімінің Алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталдым.

Қазіргі уақытта Қазалы аудандық мәслихатының «Ауыл ХДПП» партиясынан сайланған VII-VIII шақырылымының депутатымын, Қазалы ауданының Құрметті азаматы, және Қазалы аудандық Қоғамдық Кеңесінің мүшесімін.

Зайыбы Мұстафаева Патима екеуі бес бала тәрбиелеп өсірген үлкен отбасы. Осы балалардан 11 немерелері бар.

№8 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ РАХМЕТОВ АБДУАЛИ УМИРЗАКОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мемлекет басшысының халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатындағы Стратегиялық бағдарламаларын және «Ауыл» партиясының елді дамыту ұстанымдарын басшылыққа алып, сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

1. Бірінші кезекте сайлау округіме қарасты көшелердің жөнделуі, яғни асфальттау және жаңадан ашылған көшелерге қиыршық тас төсеу жұмыстары күн тәртібінен үнемі түспейтін болады.

2. Қазалы қаласы мен Әйтеке би кенті орталығында орналасқан маршруттық таксидің үзіліссіз қатынауын қамтамасыз етуіміз қажет.

Бұл мәселе өте күрделі болып тұр. Сондықтан аудан әкімдігімен бірлесіп мәселені шешу жолдарын қарастырамыз.

Ол үшін кәсіпкерлерді ынталандыру мақсатында бюджеттен субсидияларды бөлуіміз қажет.

3. Округте орналасқан көшелердің түнгі жарық шамдармен қамтылуына аса мән беретін боламын.

Бұл мәселе қаржыға байланысты, кезең-кезеңімен шешілетін болады.

4. Қазалы қаласы мен Әйтеке би кенті аралығынан мектеп салу қажеттілігі туындауда. Өйткені сол аймақта тұратын тұрғындардан өтініштер түсуде және де ол аймақта жыл санап тұрғындар тұрғын үй салып, шоғырлануда.

5. Алдағы жылдары қала мен кенттің арасынан спорт кешені мен жасанды спорт алаңдарын салуға ықпал ететін боламын.

6. Округке қарасты көшелердің аяқ су мәселесін аудан әкімдігімен және тиісті су мамандарымен ғылми тұрғыда шешкен дұрыс болады. Кезең-кезеңімен әр көшеге бюджеттен қаржы бөлуге ықпал етемін;

7. Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында шағын және орта бизнеспен айналысып жүрген кәсіпкерлерге, шаруа қожалықтарына, кәсібін енді бастап жатқан азаматтарға Үкімет тарапынан беріліп жатқан жеңілдетілген несие алуларына жәрдемдесетін боламын;

8. ҚР Президентінің «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын басшылыққа алып, көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық мәселесін жергілікті әкімдікпен бірлесіп атқаратын боламыз;

9. Округке қарасты тұрмысы төмен отбасылар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау мақсатында тиісті заңдылықтарға сәйкес мемлекеттен алатын қаржылай көмектің уақытылы берілуін үнемі бақылауда ұстаймын;

10. Округке қарасты көшелерге жаяу жүргіншілер жолын салу үшін жобасметалық құжаттарын жасап, тиісті қаржы бөлуіне ықпал жасаймын;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№9 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ УТЕЕВ ПАХРАДИН СРАЖОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Утеев Пахрадин Сражович 1966 жылы 20 қаңтарда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Майдакөл» аулында дүниеге келген.

1973-1981 жылдары №249 мектепте оқып, 1984 жылы Қазалы теміржол училищесін бітірген.

Жоғары білімді, 1994 жылы Алматы теміржол институтын «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген.

1984-1997 жылдары Қазалы локомотив жөндеу депосында слесарь, цех шебері болып жұмыс атқарған.

1997 жылдан бастап кәсіпкерлікке бет бұрып, сауда, қызмет көрсетужәне мал шаруашылығы саласымен айналысып келеді.

2013 жылдан бастап «Атамекен-2» шаруа қожалығын басқарады. Шаруа қожалығы жылқы мен мүйізді ірі қара малдарын асылдандыру мақсатында табысты жұмыс істеуде.

ҚР Президентінің Алғыс хатымен, облыс, аудан әкімдерінің Алғыстарымен марапатталған.

2013, 2024 жылдары «Озат кәсіпкер» номинациясымен марапатталған. Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр. «Ауыл» партиясының мүшесі.

№9 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ УТЕЕВ ПАХРАДИН СРАЖОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатындағы Мемлекеттік және Үкіметтік бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, және «Ауыл» партиясының даму жоспарына сәйкес сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

1. Әйтеке би кентіндегі сайлау округіме қарасты көшелердің жолдарын жөндеуді кезең-кезеңімен өткізуді қолға аламын;

2. Округке қарасты көшелерді түнгі жарықпен қамтамасыз ету мақсатында тиісті мекемелер арқылы қаржы бөлінуіне ықпал етемін;

3. Көшелердің абаттандыруын, көркейту, көгалдануын бақылауға аламын.

4. Қ.Сәтбаев атындағы №216 мектептің спорт алаңынан шағын стадион салуға ықпал етемін.

Өйткені, Әйтеке би кентінің орталығында №216 мектептің футбол алаңындай кең жер жоқ. Сондықтан осы мүмкіндікті пайдаланып, шағын стадион салу, сол аймақтағы тұрғындарға өте қолайлы болады.

5. Аудан орталығындағы ең қиын мәселе – аяқ су.

Аяқ су мәселесін тиісті мамандармен және аудан әкімдігімен кеңесіп шешуді қолға алатын боламыз.

6. Округ көлемінен шағын спорт алаңдарын салуға ықпал етемін;

7. Округке қарасты көшелерге жаяу жүргінші жолын (тротуар) салуға күшімді саламын. Ол үшін әр көшенің ерекшелігіне қарап жобасметалық құжаттарын жасап, кезеңімен қаржыландыруды атқаратын боламыз;

8. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында кәсіпкерлерге Үкіметтен жеңілдікпен берілетін несие алуына жәрдемдесемін.

9. Округ аумағында орналасқан әлеуметтік нысандардың (мектеп, бала бақша, емхана, мәдениет Үйі) материалдық-техникалық базасын толықтыруға ықпал ететін боламын;

10. Округтегі тұрмысы төмен отбасылары мен мүгедектерге тиісті заңдылықтарға сәйкес көмек берілуін қадағалайтын боламын;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№13 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ САНСЫЗБАЕВ КУАНЫШ КАРАЖАНОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Сансызбаев Куаныш Каражанович 1981 жылы 6 наурызда Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген.

2003 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Тау-кен инженері-мұнайшы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2003 жылы Жамбыл облысындағы «Амангелді газ» ЖАҚ насос қондырғыларының машинисі болып бастаған.

2003-2005 жылдары «Амангелді газ» ЖАҚ су жүйесінің және су жинаудың операторы, буқазандығы қондырғысы және тазалау қондырғысының операторы;

2005-2006 жылдары Қазалы ауданы, «Майлыбас» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

2006-2008 жылдары Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр бөлімінің жетекші маманы, бас маманы;

2008-2009 жылдары аудан әкімінің көмекшісі;

2009-2012 жылдары Қазалы ауданы құрылыс бөлімінің бас маманы;

2012-2013 жылдары Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр бөлімінің бас маманы, бас инспекторы;

2013-2014 жылдары Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық бөлімінің бас инспекторы;

2014-2016 жылдары Қазалы ауданы Әйтеке би кенті әкімінің орынбасары;

2016-2021 жылдары «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ Байқоңыр қаласы газ шаруашылығының директоры;

2021 жылдың сәуір айынан бастап «QazaqGaz Aimaq» АҚ ҚӨФ Әйтеке би газ шаруашылығының директоры қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 5 бала тәрбиелеп отыр.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№13 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ САНСЫЗБАЕВ КУАНЫШ КАРАЖАНОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мемлекет басшысы мен Үкіметтің Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсарту және елдің экономикасын одан әрі дамыту Стратегиялық жоспарларына сәйкес және «Respublica» партиясының сайлауалды ұстанымын ескере отырып, аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат ретінде өз сайлау округім бойынша сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Сайлау округіме Қазалы қаласының бір бөлігі мен «Өркендеу» және «Аранды» ауылдық округтері қарайды.

Қазалы қаласы бойынша атқарылатын жұмыстарға тоқталатын болсам.

1. Қазалы қаласынан жабық спорт кешенін салуға өз ықпалымды жасаймын.

2. Ә.Нарымбетов және тағы басқа да асфальттауды қажет ететін көшелерге жол салуды қолға аламын;

3. Округке қарасты көшелердің түнгі жарық шамдарын орнатуға күшімді саламын.

4. Балаларға арналған жасанды спортпен ойын алаңдарын салуға ықпал етемін;

«Өркендеу» ауылдық округі бойынша

1. «Жанкент» аулы тұрғындарының табиғи газға қол жеткізуін қамтамасыз ету бірінші кезекте атқаратын жұмысым болады.

«Қожабақы», «Аранды», «Бірлік» және «Жанкент» ауылдарына жоғарғы қысымды магистральды газ құбырының құрылысын бастауға ықпал етемін.

2. «Жанкент» аулынан жабық спорт кешенін салуды қолға аламын.

3. «Жанкент» көшесін асфальттауға қаржы бөлдіретін боламын.

4. «Жанкент» аулының электр желісін толық жаңғыртуға тиісті орындарға ұсыныс беріп, орындалуын бақылауда ұстаймын.

5. Ауылға аяқ су беретін «Едірең» каналын қазып, тазалауға ықпал ететін боламын.

6. «Қарлаң» көпірінің құрылысының сапалы аяқталуын бақылайтын боламын.

«Аранды» ауылдық округі бойынша.

1. «Аранды» және Қожабақы ауылдарының тұрғындарының табиғи газға қол жеткізуін қамтамасыз ететін боламыз.

Алдағы жылдары «Жанкент», «Бірлік», Қожабақы және «Аранды» ауылдарында орналасқан әлеуметтік нысандарды (мектеп, бала бақша, мәдениет үй, дәрігерлік амбулатория, тағы басқа) газға қосылуын қадағалайтын боламын.

2. «Аранды-Қожабақы» (13 км) елді мекендері арасын асфальттау – негізгі міндетім болады.

3. Қожабақы аулындағы М.Еселбаева, Б.Өтепұлы, Ә.Махамбетияұлы атындағы көшелерді асфальттау.

4. «Аранды» аулындағы М.Палуанұлы, Н.Қазақбайұлы атындағы көшелерді асфальттау.

5. Мал шаруашылығын дамыту үшін ауыл маңынан бұлақтар қазуды қолға алатын боламын;

6. Округке қарасты каналдарға механикалық тазалау жұмыстарын жүргізетін боламын.

7. Жаңадан ауылдық округ әкімшілігінің ғимаратын салуға ұсыныс беріп, орындалуын бақылайтын боламын.

8. Қожабақы аулынан жаңадан бала бақша құрылысын салуды тиісті әкімдіктермен бірлесіп, қолға алатын боламын;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№14 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ БУЛЕБАЕВ РАЙЫМБЕК БУЛАТБЕКОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Булебаев Райымбек Булатбекович 1984 жылы 6 қаңтарда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Бозкөл» ауылында дүниеге келдім.

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектепті 2001 жылы бітірдім.

Білімім жоғары. Қызылорда қаласындағы «Қорқыт ата» атындағы университетті «Мұнай газ» мамандығы бойынша 2011 жылы тәмәмдадым.

17 жасымнан бастап кәсіпкерлік саласының қырсырын меңгеріп, кәсіпкерлік саладағы белсенді қызметтерім үшін, облыс, аудан әкімдерінің құрмет грамоталары мен алғыс хаттарымен марапатталдым.

2013 жылы «Үздік жас кәсіпкер» номинациясын иеленідім.

Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеп отырмын.

2012 жылдан бастап «Сарым Құрылыс» ЖШС-гін және 2015 жылдан бастап, «Сарым» шаруа қожалығының директоры болып қызмет атқарып келемін.

№14 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ БУЛЕБАЕВ РАЙЫМБЕК БУЛАТБЕКОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мемлекет басшысының Қазақстанның Әлеуметтік-экономикалық дамуын, халықтың әл-ауқатының жақсаруына бағытталған стратегиялық бағдарын және облыс, аудан әкімдерінің осы бағытта атқарып жатқан жұмыстарын бірлесе атқару мақсатында сайлау округімде алдағы 5 жылда атқаратын жұмыстарды сайлауалды бағдарламама енгізіп отырмын. «ӘDILET» партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа ала отырып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Сайлау округіме Ғ.Мұратбаев, «Бірлік», «Бозкөл», «Қызылқұм», «Тасарық» және «Сарыбұлақ» ауылдық округтері қарайды.

Ғ.Мұратбаев ауылдық округі бойынша.

1. 250 орындық жаңа мектеп салу;

2. Ауылдағы бала бақшаны жөндеу жұмыстары.

3. Округтегі шабындық және жайылымдық жерлерінің кейбір мәселелерін шешуге ықпал етемін.

4. Ауыл көшелерінің түнгі жарықпен қамтамасыз етілуіне ықпал етемін.

«Бірлік» ауылдық округі бойынша

1. Жаңадан клуб құрылысын салу;

2. Ауылдағы электр желілерін толық жаңалау.

3. Ауыл көшелерінің түнгі жарықпен қамтылуын қамтамасыз ету.

4. Ауылдық фельдшерлік-акушерлік пунктті күрделі жөндеуден өткізу:

«Бозкөл» ауылдық округі бойынша

1. Ауыл көшелерін жөндеуді қолға аламын;

2. Ауылдың электр желілерін қайта жаңғырту;

3. Ауылдан жаңадан бала бақша салуға тиісті мекемелерге ұсыныс беремін.

«Қызылқұм» ауылдық округі бойынша

1. Ауыл көшелерін жөндеу;

2. Ауылдың электр желілерін толық жаңғырту;

3. Ауыл көшелерін түнгі жарықпен қамтамасыз ету.

4. Ауылды сапалы интернет желісімен қамтамасыз ету;

«Тасарық» ауылдық округі бойынша

1. «Бозкөл-Тасөткел» автожолын жөндеуді қолға аламын;

2. Жаңадан ауылдық клуб-салу мәселесін тиісті орындарға ұсынатын боламын;

3. «Лахалы» аулына кіреберіс жолды салуға тиісті қаржы бөлдіруге ықпал етемін;

4. «Тасарық», «Лахалы» ауылдарын сапалы интернет желісімен қамтамасыз етуге күшімді саламын;

«Сарыбұлақ» ауылдық округі бойынша

1. Ауылға сапалы интернет желісін тарту;

2. Ауылдың электр желілерін толық жаңғырту.

3. Жаңадан клуб салуға ықпал ететін боламын.

4.Алдағы жылдары «Бозкөл», «Кәукей», «Тасарық», «Лахалы» ауылдарына газ жүргізу мәселесін көтеретін боламын;

Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№11 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АҚПАНБЕТОВ НҰРБЕК НЫСАНБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Ақпанбетов Нұрбек Нысанбекұлы 1993 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жалаңтөс батыр ауылында дүниеге келдім. 2011 жылы мектепті ойдағыдай аяқтап, бірыңғай ұлттық тестілеуден 105 балл жинап мемлекеттік грант иегері атанып, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне «Кәсіптік білім» мамандығы бойынша оқуға түстім. Университет қабырғасында біліммен қатар қоғамдық жұмыстарды қатар игеріп, «Студенттік кеңес», студенттер кәсіподақ комитетінің төрағасы болдым. Ғылыми жұмыстарға қызығушылық танытып, Алматы қаласында өткен Республикалық «Мен жастарға сенемін» атты ғылыми жобалар байқауында бас жүлде иеленіп, «Әл-Фараби атындағы» ҚҰУ – ні ң оқу грантын иелендім. 2015 жылы «НАЗАРБАЕВ» мектебінің оқу курсында білім тәжірибемді шыңдадым.

2016 жылы Қызылорда облысы әкімі аппаратының Қоғамдық келісім КММ – нің инспекторы;

2018 - жылы Жалаңтөс батыр ауылдық клубының әдіскері;

2018 - жылы Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ – нің «аға кеңесші»;

2021 - жылы Қазалы қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры;

2022 - жылы Қазалы аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры;

2022 - жылдан бері Партия жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының Қазалы ауданы бойынша төрағасы болып қызмет атқардым.

2023 жылдан бастап «Аманат», «Әділет» партиясының бюро мүшесі;

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру бағытында республикалық NEET санатындағы жастармен жұмыс істеу бойынша Оқу курсын аяқтадым.

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың 2 мәрте Алғыс хаты, Мәжіліс төрағасы Е.Қошановтың алғыс хаты, Республикалық Ғани Мұратбаев атындағы «Ғани сыйлығы - 2021», облыс әкімі, облыс прокуроры, облыс әкімінің орынбасары, басқарма басшыларының алғыс хаттарын иелендім.

№11 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АҚПАНБЕТОВ НҰРБЕК НЫСАНБЕКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Басықара, «Құмжиек», «Қарашеңгел» және «Сарыкөл» ауылдық округтерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған негізгі басымдықтар.

«ӘDILET» партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа ала отырып, ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуға, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал етуді мақсат етемін.

I. Басықара ауылы бойынша

1. Ауылішілік жолдарды жақсарту. Ауылдағы 13 көшенің асфальтталған 2 көшесінен бөлек, 3 көшеге қиыршық тас төсеуге және қалған 8 көшені асфальттауға ықпал ету.

2. Су көздерін дамыту. Ауыл маңынан жаңа бұлақ көздері мен су ұңғымаларын қаздыру мәселесін көтеру.

3. Типтік балабақша салу. Ескірген балабақша ғимаратының орнына заманауи талаптарға сай жаңа балабақша салуға ықпал ету.

II. «Құмжиек» ауылдық округі бойынша

1. Жол және жарықтандыру инфрақұрылымын дамыту. Қ. Пірімов ауылының көшелерін жөндеу, жаяу жүргіншілер жолдарын салу және түнгі жарықтандыру жүйесін орнатуға ықпал ету.

2. Су көздерін кеңейту. Округ аумағында жаңа ұңғымалар қаздыруға, оның ішінде Қ. Пірімов ауылының батыс беткейінен «Тұрабай» бұлағын ашуға ықпал ету.

3. Балабақша салу. Қ. Пірімов ауылында бюджет немесе жеке инвестиция есебінен жаңа балабақша салу мәселесін көтеру.

4. Шалғай елді мекендерді қолдау. «Қожақазған», «Тапа», «Мәдениет», «Алпар», «Лаубай» және «Қарақұм» беткейіндегі тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, мал шаруашылығы мен кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ету.

III. «Қарашеңгел» ауылдық округі бойынша және оған қарасты елді мекендер бойынша

1. Жол инфрақұрылымын жақсарту. Жалаңтөс батыр ауылының көшелерін кезең-кезеңімен асфальттауға ықпал ету.

3. Электр желілерін жаңғырту. Жалаңтөс батыр ауылындағы тозығы жеткен электр желілері мен жабдықтарын жаңартуға ықпал ету.

4. Ауызсумен қамтамасыз ету. «Көбек» елді мекеніндегі тұрғын үйлерге ауызсудың сервистік желілерін жүргізуге ықпал ету.

5. Елді мекендерді газдандыру. «Көбек», «Ойынды», «Алтай» және «Шитүбек» елді мекендерін табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесін көтеру.

6. Әлеуметтік нысандарды газға қосу. Ауыл мектебі, балабақша және әкімдік ғимараттарының жылу жүйелерін табиғи газға көшіруге ықпал ету.

IV. «Сарыкөл» ауылдық округі бойынша

1. Электр желілерін жаңғырту. Абай ауылындағы тозығы жеткен электр желілерін жаңарту және трансформатор қондырғыларын ауыстыру жобасының қаржыландырылуына ықпал ету.

2. Ауылішілік жолдарды жөндеу. Жаңа ауыл (660 м) және І.Саймаханов (950 м) көшелеріне қиыршық тас төсеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету.

Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№10 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ КӘДІР АРДАҚ НАРТАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Кәдір Ардақ Нартайұлы 1975 жылы 21 мамырда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Қарашеңгел» ауылдық округінде дүниеге келген.

1997 жылы Қызылорда қаласының Агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтын «Инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1998 жылы Қазалы қаласындағы «Агропромтехника» мекемесінде «Егіс инженері» болып бастаған.

2003-2010 жылдары «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «орман күтуші», «орман шебері», мекеме директорының орынбасары, 2018 жылдан бастап «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметін атқарып келеді.

Қазалы аудандық мәслихатының VII, VIII шақырылымдарының депутаты.

ҚР Ауыл шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Алғыс хатымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталған.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№10 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ КӘДІР АРДАҚ НАРТАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«ӘDILET» партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа алып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Қазалы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған негізгі басымдықтар.

1. Қала көшелерінің инфрақұрылымын жақсарту

Сайлау округіне қарасты көшелердің жол сапасын жақсарту, жөндеуді қажет ететін учаскелерге орташа және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету. Қалаішілік жолдардың сапасын арттыру арқылы тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы қозғалысына жағдай жасау.

2. Жабық спорт кешенін салу.

Қазалы қаласында заманауи талаптарға сай жабық спорт кешенінің салынуына ықпал ету. Жыл бойы спортпен шұғылдануға мүмкіндік туғызып, бұқаралық спортты дамыту, жастар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасау.

3. Көркейту, көгалдандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында қала көшелерін абаттандыру, көгалдандыру және тазалық жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру. Тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау және рухани тазалық құндылықтарын қалыптастыру.

4. Көшелерді түнгі жарықтандырумен қамтамасыз ету.

5. Балаларға арналған спорт алаңдарын салу.

6. Қаланың жасыл белдеуін қалыптастыру.

Қазалы қаласының шет аймақтарында жасыл белдеулер қалыптастыру мақсатында ағаш көшеттерін отырғызу және жасыл желек көлемін ұлғайту. Қаланы көгалдандыру, шаң-тозаңның таралуын азайту, экологиялық ахуалды жақсарту және көрікті қалалық орта қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізу.

7. Әлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайту.

8. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға көмек көрсету

Тұрмысы төмен отбасылардың, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың және әлеуметтік осал топтардың мемлекеттік әлеуметтік төлемдері мен жәрдемақыларды уақытылы алуына жәрдемдесу. Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың мәселелерін зерделеп, олардың өтініштерінің тиісті мекемелерде қаралуына ықпал ету.

9. Жастарды жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту.

Жастардың жұмыспен қамтылуына және кәсіпкерлік бастамаларының жүзеге асуына қолдау көрсету. Шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті азаматтарға мемлекеттік бағдарламалар аясында берілетін қайтарымсыз гранттар мен жеңілдетілген несиелер туралы ақпарат беріп, құжат рәсімдеу және қаржыландыруға қол жеткізу бағытында жәрдемдесу.

10. Электр желілерін жаңғырту.

Қала аумағындағы тозығы жеткен және жаңғыртуды қажет ететін электр желілерін кезең-кезеңімен қайта жаңғыртуға ықпал ету. Электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыру, апаттық ажыратулардың алдын алу және тұрғындарды тұрақты электр қуатымен қамтамасыз ету мәселелеріне басымдық беру.

НЕГІЗГІ МАҚСАТ.

Қазалы қаласының инфрақұрылымын дамыту, әлеуметтік нысандардың жағдайын жақсарту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тұрғындардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік әл-ауқатын арттыру. Халықтың талап-тілегін ескере отырып, өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал ету және әрбір бастаманың орындалуына қоғамдық бақылау жүргізу.

Басты ұстаным: халықтың мұң-мұқтажын тыңдау, өзекті мәселелерді көтеру және олардың шешілуіне нақты ықпал ету.

Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№7 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ӘУЕЗ АРМАН МАХАМБЕТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Әуез Арман Махамбетұлы 1966 жылдың 28 қазанында Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келді. 1973 жылы №87 мектептің 1 класына барып, сегіз жылдық мектепті 1981 жылы аяқтады.

1982 жылы Шымкент қаласындағы музыка училищесіне оқуға түсіп, оны 1986 жылы бітірді. Сол жылы Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияға оқуға түсіп, оны 1995 жылы концерттік орындаушы, оқытушы мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1987-1989 жылдары Совет Армиясы қатарында, 1990-1995 жылдары аудандық балалар әуез мектебінде оқытушылық қызмет атқарды.

1995-1999 жылдары аудандық мәдениет бөлімі меңгерушісінің орынбасары, «Қорқыт сазы» фольклорлық халық ансамблінің көркемдік жетекшісі қызметтерінде болды.

1998 жылы Қазақстан елшілігінің шақыруымен Қазақстаннан барған жеті өнерпаздың құрамында Англия астанасы Лондон қаласында өнер көрсетті.

Аудан, облыс әкімдерінің «Құрмет грамоталарымен», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

1999-2002 жылдары аудандық балалар әуез мектебінде қызмет атқарды.

2002 жылдың қазан айынан бастап аудандық мәдениет бөлімінің жетекші маманы, 2004-2011 жылдары Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет Үйінің директоры, 2005 жылдың қараша айынан бастап аудандық мәдениет бөлімінің бас маманы, 2006 жылдың 17 ақпанынан 2009 жылдың желтоқсан айының 20-сына дейін аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы, 2010 жылдан 2011 жылдың ақпан айына дейін «Кенттік және ауылдық клубтар» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры қызметін атқарды.

2011-2013 жылы аудандық мәдениет Орталығының директоры. 2013-2014 жылдары Ғани Мұратбаев мемориалдық музейінің директоры.2013-2016 жылдары аудандық оқушылар үйінің директоры қызметін атқарды.2016жылдан бері жеке кәсіпкер.

Әуезовтер халықтық отбасылық ансамблінің жетекшісі. ҚР мәдениет саласының үздігі.

Отбасылы, 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр.

№7 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ӘУЕЗ АРМАН МАХАМБЕТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«ӘDILET» партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа алып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Әйтеке би кентінің батыс беткейіндегі сайлау округі бойынша

1. Көше жолдарының сапасын жақсарту.

Кенттің батыс бөлігіндегі жол жағдайын назарға алып, асфальт төселмеген және тозығы жеткен көшелерді жөндеу жұмыстарын кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бастамашылық жасау. Жол инфрақұрылымын жақсарту арқылы тұрғындардың қатынауына қолайлы жағдай қалыптастыру.

Кенттің батыс аумағындағы қараңғы көшелер мен тұрғын үй орналасқан жаңа аймақтарды электр жарығымен қамту мәселесін шешуге атсалысу.

2. Тазалық пен абаттандыру жұмыстарын жандандыру.

«Таза Қазақстан» бастамасы аясында округ аумағындағы қоғамдық орындарды, көше бойларын және тұрғын үй маңдарын санитарлық тазарту жұмыстарын тұрақты жүргізуге қолдау көрсету. Заңсыз қоқыс орындарының пайда болуына жол бермеу, тұрғындардың тазалыққа деген ортақ жауапкершілігін арттыру.

4. Жасыл аймақтарды көбейту.

Кенттің батыс шеткі аумақтарында жасыл желек алқаптарын қалыптастыру, ағаш отырғызу және оларды күтіп-баптау жұмыстарын ұйымдастыру. Көшелердің бойын көгалдандыру арқылы шаңды азайтуға, қоршаған ортаның тазалығын сақтауға және аумақтың сәулеттік келбетін жақсартуға үлес қосу.

5. Халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысу

Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылармен, мүмкіндігі шектеулі жандармен және қарттармен тұрақты байланыс орнату. Мемлекеттік жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді алу кезінде туындайтын мәселелердің шешілуіне көмектесу, нақты мұқтаждықтарға сәйкес әлеуметтік қолдау көрсетілуіне ықпал ету.

6. Жаңа жұмыс орындары мен кәсіпкерлік бастамаларын қолдау.

Округ тұрғындарының, әсіресе жастардың тұрақты жұмыспен қамтылуына мүмкіндік беретін бастамаларды қолдау. Кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті азаматтарды мемлекеттік қолдау тетіктерімен таныстыру, жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламаларына қатысуына және жеке кәсібін бастауына жәрдемдесу.

7. Электр инфрақұрылымының қауіпсіздігі мен сапасын арттыру.

Кенттің батыс бөлігіндегі электр желілерінің техникалық жағдайын зерделеп, жаңартуды қажет ететін учаскелерді анықтау. Тозығы жеткен желілерді ауыстыру, электрмен жабдықтау тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұрғындардың электр қуатына қатысты мәселелерін шешу бағытында тиісті мекемелермен жұмыс жүргізу.

НЕГІЗГІ МАҚСАТ.

Әйтеке би кентінің батыс беткейін тұрғындар үшін жайлы, қауіпсіз әрі көрікті аумаққа айналдыру. Халықтың күнделікті тұрмысында кездесетін мәселелерді назардан тыс қалдырмай, инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамалардың жүзеге асуына ықпал ету.

Ұстанымымыз – әрбір тұрғынның пікірі маңызды, әрбір мәселенің шешімі назарда болуы тиіс.

Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ИМАНДОСОВ НУРЛАН САМУРАТОВИЧТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Имандосов Нурлан Самуратович 1977 жылдың 19 қарашасында Қазалы ауданында туған.

1994жылы Қ. Сәтбаев атындағы №216 қазақ орта мектебін, 1994-1998 жылдары Тараз қаласындағы М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетін “Экономист” мамандығы бойынша бітірген.

1998-1999 жылдары “Жер-су” акционерлік қоғамының есепшісі болып қызмет істеді.

1999-2000 жылдары “Рза” шаруа қожалығында Қаржылық және материалдық жабдықтармен қамтамасыз ету жөніндегі директордың орынбасары, 2000 - 2012 жылдары “Рза” акционерлік қоғамының тете-президенті болып қызмет істеді.

2012 жылдың желтоқсан айынан бастап “Рза-Агро” ЖШС директоры болып жұмыс істеп келеді.

Еңбектен қол үзбей жүріп, қосымша Тараз қаласындағы “Аулие ата” университетін “Заңгер” мамандығы бойынша бітірген.

Қазалы аудандық мәслихатының VI, VII шақырылымдарының депутаты.

2023 жылы Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына “Ерен еңбегі үшін” медалімен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерекелік медалімен марапатталды. «Құрмет» орденінің иегері

Отбасылы, 5 бала тәрбиелеп отыр.

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ИМАНДОСОВ НУРЛАН САМУРАТОВИЧТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті және ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инфрақұрылымын жетілдіру бағытындағы басым міндеттер.

1.Ауыл шаруашылығы су арналарының жағдайын жақсарту.

Ауылдық округтерге қарасты каналдарды механикалық тазалаудан өткізу, су өткізу қабілетін арттыру және тозығы жеткен су арналарына қайта жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесін көтеру. Егін және шабындық жерлерді тұрақты сумен қамтамасыз етуге қажетті инфрақұрылымды қалыптастыруға ықпал ету.

2. Гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңғырту.

Аудан аумағындағы су шаруашылығы нысандары мен гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайын жақсарту, күрделі жөндеуді қажет ететін нысандарды кезең-кезеңімен қайта жаңғыртуға ықпал ету. Су ресурстарын тиімді пайдалану және су шаруашылығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жобаларды қолдау.

3. Мұратбаев және Бекарыстан би ауылдарына жаңа мектеп салу.

4. «Бірлік» және «Тасарық» ауылдарында жаңа мәдениет үйлерін салу.

«Бірлік» және «Тасарық» ауылдарында заманауи талаптарға сай клуб ғимараттарының құрылысын жүргізуге ықпал ету. Ауыл тұрғындарының мәдени тынығуына, ұлттық өнер мен салт-дәстүрді насихаттауға, шығармашылық үйірмелер мен қоғамдық іс-шараларды дамытуға мүмкіндік жасау.

5.«Қожабақы-Аранды» автомобиль жолын жөндеу.

Ұзындығы 13 шақырымды құрайтын «Аранды» ауылына қатынайтын жолды және Қожабақы ауылының автомобиль жолдарын орташа жөндеуден өткізу мәселесін көтеру.

6. «Бозкөл – Тасөткел» автожолын орташа жөндеуден өткізу.

7. «Жанкент» ауылында жабық спорт кешенінің құрылысын салу.

«Жанкент» ауылында жыл бойы спортпен шұғылдануға мүмкіндік беретін жабық спорт кешенін салу мәселесін шешуге атсалысу. Ауыл жастары мен тұрғындарының спорттық әлеуетін арттыру, бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағдай жасау.

8. Шабындық және жайылымдық жерлерді сумен қамтамасыз ету.

9. Ауылдық елді мекендердің электр желілерін жаңғырту.

Округке қарасты барлық ауылдардың электр желілерінің техникалық жағдайын жақсарту, тозығы жеткен желілер мен электр жабдықтарын кезең-кезеңімен ауыстыруға ықпал ету. Электр қуатының тұрақты берілуін қамтамасыз ету және апаттық ажыратулардың алдын-алу бағытындағы жұмыстарды бақылауда ұстау.

10. Қазалы қаласынан жабық спорт кешенін салу.

Қазалы қаласында заманауи үлгідегі жабық спорт кешенінің құрылысын жүзеге асыру мәселесін көтеру. Қала тұрғындарына жыл он екі ай спортпен айналысуға мүмкіндік туғызып, балалар мен жасөспірімдер спортының дамуына, бұқаралық спорттың қолжетімді болуына жағдай жасау.

11. Әйтеке би кентінің кәріз жүйесін жаңарту.

Әйтеке би кентінің кәріз жүйесін дамыту мақсатында жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге және тиісті сараптамадан өткізуге ықпал ету. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаржының бөлінуіне, кезең-кезеңімен құрылыс-монтаж жұмыстарының басталуына қолдау көрсету.

12. «Сарыбұлақ» ауылында жаңа клуб ғимаратын салу.

13. Ауылдық елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету.

«Ақсуат», «Байқожа», «Өркендеу», «Бірлік», Қожабақы және «Аранды» елді мекендерін табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстарын жандандыру. Газдандыру жобаларының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу, қажетті қаржыландыру мәселесін шешу және құрылыс жұмыстарының кезең-кезеңімен жүзеге асуына ықпал ету.

14. Кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы өндірісін қолдау.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті өндіріс көлемін арттыруға қолдау көрсету. Шаруа қожалықтарының мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысуына, жеңілдетілген несиелер мен қаржыландыру көздеріне қол жеткізуіне жәрдемдесу. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өзекті мәселелерін тиісті мемлекеттік органдар алдында көтеру.

15. «Бозкөл» ауылының инфрақұрылымын дамыту.

«Бозкөл» ауылының жөндеуді қажет ететін көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету. Сонымен қатар, ауылда жаңа балабақша құрылысын салу мәселесін көтеріп, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру қызметінің қолжетімділігін арттыруға, жас отбасыларға қолайлы жағдай жасауға басымдық беру.

НЕГІЗГІ МАҚСАТ.

Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті мен ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, инженерлік және жол инфрақұрылымын дамыту, ауыл шаруашылығы саласының мәселелерін шешу, білім, мәдениет және спорт нысандарының қолжетімділігін кеңейту.

Әрбір елді мекеннің өзекті мәселелерін назарға алып, жергілікті тұрғындардың талап-тілектерін облыстық деңгейде көтеру, қажетті жобалардың облыстық бюджет пен тиісті мемлекеттік бағдарламаларға енгізілуіне ықпал ету.

БАСТЫ ҰСТАНЫМ: Қала мен ауылдың дамуы қатар жүруі тиіс. Әрбір елді мекеннің мәселесі – ортақ жауапкершілік, әрбір тұрғынның әл-ауқаты – басты назарда.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**